

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау және күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 22 ақпан N 297-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Z980339\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998., N 24, 448-күжат):

1) 6-бапта:

бірінші бөліктегі "мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы занға сәйкес қызметі мемлекеттік қызметшілердің жоғары және бірінші санаттарына жатқызылған лауазымды адамдарының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қызметтік қару иемденіп алуға (алуға) құқығы бар мемлекеттік саяси қызметшілердің" деген сөздермен ауыстырылсын, "судьялардың," деген сөз алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "Ерекше жарғылық міндеттері бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалар пайдаланатын қаруды қоспағанда," деген сөздер алып тасталып, "қызметтік" деген сөз бас әріппен жазылсын;

2) 14-баптың 1-тармағындағы "азаматтық және" деген сөздер алып тасталсын;

3) 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі екінші сөйлем "Рұқсаттың нысанын және оның қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайды." деген мазмұндағы сөйлеммен ауыстырылсын;

4) 29-баптың 1-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацындағы "жоғары және бірінші санаттардағы мемлекеттік қызметшілердің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қызметтік қару иемденіп алуға (алуға) құқығы бар мемлекеттік саяси қызметшілердің" деген сөздермен ауыстырылсын, "Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты судьяларының," деген сөздер алып тасталсын.

2. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Z000085\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-күжат):

1) 5-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке күзетшіні, жеке күзет ұйымында, жеке кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың күзет бөлімшесінде, мемлекеттік органдардың ведомстволық күзет бөлімшесінде күзетші қызметін атқаратын қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау (арнаулы оқыту курсы) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мамандандырылған

оку орталықтарында жүргізіледі.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шетелдік занды тұлғалардың, шетел қатысатын занды тұлғалардың,

шетелдіктердің, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың:

- 1) күзет қызметінің барлық түрін жүзеге асыруға;
- 2) жеке күзет ұйымдарын құруға немесе олардың құрылтайшылары (қатысуышылары) болуға;
- 3) сенімгерлік басқарудағы жеке күзет ұйымын ұстауға;
- 4) жеке кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың күзет бөлімшелерін құруға құқығы жоқ.>";

2) 9-бапта:

1-тармақтағы "Зандарға сәйкес" деген сөздер алып тасталып, "мемлекеттік" деген сөз бас әріппен жазылсын;

3-тармақтағы "көрсете алады." деген сөздер "көрсетуге құқылы." деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 4-тармағындағы "кәмелетке толған" деген сөздер "21 жасқа толған" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 14-бапта:

3) тармақшадағы ", оқыту" деген сөз алып тасталсын;

4) тармақша алып тасталсын;

5) 18-баптың 2-тармағындағы "және қызметтік қару" деген сөздер "немесе Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қызметтік қару" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 21-баптағы "және мемлекеттік емес оқу орындарын" деген сөздер "білім беру ұйымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Зан ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК